


Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

 С.Мырзағалиева.

Қаңтар айының I- аптасы (5. 01-6.01.2021) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Қыс қызығы»

Мақсаты: қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 5.01.2022	Бейсенбі 6.01.2022	Жұма
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Жаңа жылды қалай және қайда қарсы алғандығын сұрап, балалармен әңгімелесулер жүргізу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)				Педагог жетекшілігімен ойын: «Ұқсас затты топта» (бала үні, сыни ойлау)	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ақ қоян» (Бала үні, бақылау)	
Таңертеңгілік жаттығу		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1)«Ұшты-Ұшты» Құрылымдалған ойын 2) Қай маманның құралы? 4К Модель. (Сыни ойлау, бала үні, коммуникативтілік)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері				Дене шынықтыру 1 Негізгі қимыл: «Көлденең керілген жіптің немесе көлденең қойылған таяқтың астынан өту.» С/Мақсаты: бір заттың	Сурет салу Тақырыбы: «Қар кесегі». (заттық е/е) С/Мақсаты: Қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейді. Тіс пастасына сұқ саусақты малу арқылы	

				астынан өтеді. Икемділіктерін арттыра қимыл-қозғалыс жасайды. (пән жетекшісі) Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз. С/Максат: Педагогтің көмегімен әңгіме құрастырады. Киім- кешектерді,аяқ киімдерді жалпы белгілері бойынша топтастыра алады. .Киімді ұқыпты, таза киюге киінудің реттілігін сақтайды. Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бақылау, бағалау,өлеңді мәнерлеп айту, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: Жапсырмалы суреттер, қуыршақ киімдері,бас киім ,көйлек, қалың киімдер, қолғап ,аяқ киімі. Күтілетін нәтиже:Сөйлеу	салады. Көркем әдебиет Тақырыбы «Маша мен Аю»(орыс халқы ертегісі) С/Максат:Ертегінің мазмұнының түсінеді, әрекеттерін бағалайды. Әдіс-тәсілі: рөлге бөліп ойнау , сұрақтар қою, жұмбақ,бақылау, бағалау,ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: атрибуттары , смайликтер, Күтілетін нәтиже: ертегілер мен қысқа әңгімелердің мазмұнын қайталайды. Аюдың баласын қалай атайды? Аю қайда өмір сүреді? Аю-бал, жидек жейді. Аю -қыста ұйықтайды. Аю көп ертегілерде кездеседі. Бүгін біз «Маша мен аю» ертегісімен танысамыз. Ерте, ерте, ертеде кемпір	
--	--	--	--	--	--	--

				мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтайды. Шаттық шеңбері: Армысың алтын күн! Армысың Жер Ана! Армысыңдар достарым, Сендерді көрсем қуанам. Топқа бөлу: Екі түрлі қуыршақ арқылы бөлу. Командалық жұмыс : киімдердің түрлерін атау, қандай материалдан тігілгенін айтып, қуыршақты киіндіру. (бала үні, ойын) Балалар айтындаршы, кәзір қандай жыл мезгілі? Қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады? -Ендеше біз қалай киінеміз? Балалар бізге қуыршақ қонаққа келді. Кәне онымен амандасайықшы	мен шал өмір сүріпті. Олардың Маша атты немересі болыпты. Бірде Маша орманға саңырауқұлақ теруге барады. Атасы мен әжесі оған:Барма, адасып кетесің – дейді. Бірақ Маша олардың айтқанын тыңдамады. Маша орманда жүріп адасып кетеді. Кенет бір үйді көрді.Маша үйге кіріп: Бұл үйде кім тұрады екен? – деп ойлады. Ал бұл үйде аю тұратын. Ойлағанынша болмады, үйге Аю кіріп келіп: Менің үйіме рұқсатсыз неге кіресің? – деп гүр ете түсті. Маша:Мен адасып кеттім. Бүгін осында қонып, ертең үйіме қайтамын, - деді. Жоқ! Енді мен сені жібермеймін. Сен менің қолымда тұрасың. Пеш жағып, ботқа пісіріп, мені тамақтандырасың, - деді. Ол аюдың үйінде тұра бастады. Аю күні ұзақ	
--	--	--	--	--	--	--

				Қуыршақтың есімі Айнаш екен Балалар қараңдаршы қуыршақтың киімі қандай әдемі ыя Көйлегінің түсі қандай екен? Шашының түсі қандай? Әрине шашының түсі сары -Балалар, қуыршақ қалай киінген? -Күн суық гой тонып қалады гой, қуыршақты киіндірейік. Кәзір қандай жыл мезгілі дедік Онда біз қуыршақты қыс мезгіліне сай киіндіруіміз қажет Кәне қандай киімдерді киіндіреміз? Қыс мезгілінде қалай киінеміз? Киінген кезде басты ережелерді еске алу қажеттігін түсіндіреді.	орманға кетеді, ал Маша үй жинап, дәмді бәліш пісіреді. Аюдың қуанышында шек жоқ. Біраз күн өтті. Маша Аюға: Атам мен әжемді көрмегелі көп болды. Мен бір қорап бәліш пісірейін, ал сен оларға апарып бер, - деп еді, ол келісе кетті. Маша бір қорап бәліш пісірді де: Жаңбыр жауып тұрған жоқ па? Есік алдына шығып қарашы, - деді. Аю сыртқа шығып кеткенде Маша қораптың ішіне кіріп алады. Аю қайтып оралғанда қораптың дайын тұрғанын көреді. Оны арқасына салып, ауылға қарай тартты. Аю ұзақ жүрді, шаршады, ағаштың түбіріне отырып тынығып алғысы келді. Түбірге отырып, бәліш жейін, - деп ойлады. Ал Маша қорап ішінен: Түбірге отырушы болма, бәлішті	
--	--	--	--	---	--	--

				1. Киінудің реттілігін сақтап отыру қажет. 2. Балалар киінгенде бір-біріне көмектесу керектігін ұсынады. № 15 демонстрациялық материал. – Балалар, біз өзімізбен бірге топтағы қуыршақты серуенге шығарайық. Ол сендермен бірге серуенде ойнағысы келеді. Бұл қуыршаққа Марат деп ат қояйық. Серуенге шығару үшін қалай киіндіреміз? – Ол серуенге шығу үшін қандай киімдер киінеді? Тәрбиеші балаларға қуыршақ Маратты серуенге киіндіруді ұсынды. -Тон-шуба. -Малақай-ушанка. – Балалар, тон дегенде бірінші қандай дыбыс	жеме! Атам мен әжеме апар, - деді. Неткен қырағы еді.Бәрін көріп тұр, - деп, Аю қорапты көтеріп, ары қарай аяңдады. Ауылға жетті, қыздың атасы мен әжесі тұратын үйді де тапты. Олардың есігін бар күшімен тоқпақтап: Түк-түк-түк! Есікті ашыңдар. Мен Машадан базарлық әкелдім, - деді. Сол кезде ит үріп, жүгіре бастады. Аю қорқып кетті. Ол қорапты қақпа алдына тастай сала, алды-артына қарамай қаша жөнелді. Осы кезде үйден атай мен әжей шығып,қорапты көреді.Атасы қораптың аузын ашып қараса, онда Маша отыр. Атасы мен әжесі Машамен осылайша қауышты. -Ертегі сендерге ұнады ма? Маша ата-әжесіне тыңдады ма? Бәліш-жайылған қамырға ет немесе балық салып, бүкпелеп орап майға пісірген тағам.	
--	--	--	--	---	--	--

				естіліп тұр? – Дұрыс, «т» дыбысы. Сергіту сәті: Санайық жаңаша, Бір, екі, үш! Желбіре, жалауша, Достықта біздің күш! «Қыстық киімдерді ата» дидактикалық ойыны. Шарты: қыстық киімдерді ретімен атау.	Сөздік жұмыс: бәліш, ботқа. Билингвальды компонент: аю-медведь-bear, бәліш-пирог-rie Тіл ұстарту жаттығуы: Ю-ю-ю- аю Ша-ша-ша- маша Ліш-ліш-ліш- бәліш Сергіту сәті: Қорбандаған аюдың Құлпынай көп екен Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық Ойын: «Орманда» (сыни ойлау, бақылау) Бағалау: Смайликтер арқылы «көңіл күй» айнасына орналастыру	
Серуенге дайындық		Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру. Серуенге ойын материалдарын таңдау.				
Серуен		№30	№31	№32	№33	№34
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі,әрқайсысы өз сөрелеріне киімдерін жинау. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				

Ойындар, дербес әрекет				Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: Д/о: «Бұл қай кезде болады?» «Заттар қандай фигураға ұқсайды» ойыны.	Ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сомдау. «Қияр мен қырыққабат»	
Балалардың үйге қайтуы				Баланың жетістігін айту, әңгімелеу. Тұтас бала бейнесі	Балалардың жылжымалы дәптерлерін тарату. Жақсы демалыс болуына тілек білдіру. Тұтас бала бейнесі	

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі

оқу ісінің орынбасары:

С.Мырзағалиева.

Қаңтар айының II- аптасы (10. 01-14.01.2022) шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Қызықты қыс мезгілі»

Апта тақырыбы: «Қардың пайдасы»

Мақсаты: қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 10.01.2022	Сейсенбі 11.01.2022	Сәрсенбі 12.01.2022	Бейсенбі 13.01.2022	Жұма 14.01.2022
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Ата-аналармен пікірлесу, қорғаныш құралы-маска тағып келуін талап ету.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)		Құрылымдалған ойын «Жақсылық жасау үшін не істеу керек?» Тәрбиеші балаларға адамның, құстардың, жануарлардың, өсімдіктерін суреттерін таратып, сол суретке қарап, олармен дос болу үшін не істейтіні туралы әңгімелеп беруді ұсынады.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз үйін тап» С/Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы біледі.	"Біреу және көп" С/Мақсаты:заттың санымен (бір-көп) таниды және атау дағдысы қалыптасады.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Өз орнын тап» ойыны С/Мақсаты: түстерді тануға үйренеді.	Педагог жетекшілімен жүргізілетін құрылымдалған ойын «Киімін тап» Мақсаты: логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Танертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылатын оқу қызметіне қажетті дамытушы орталықтардың (белсенділік орталықтары) материалдарын, көрнекіліктерін, ойын материалдарын дайындау				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Шығармашылық Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу». (сәндік с/с) Мақсаты: Тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастырады. (Пән жетекшісі) Дене шынықтыру I.Негізгі кимыл: «Далада шанамен сырғанау» С/Мақсаты: Таза ауада ойындар ойнайды. Шанамен сырғанайды ;қарды жұмарлап лақтыруға жаттығады.	Құрастыру Тақырыбы: «Қар бүршіктері» С/Мақсат: саусақ кимыл-қозғалыстары жетіледі, қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасайды. Күтілетін нәтиже: түрлі құрастыру тәсілдерін қолдана отырып , қағаз парағын түрлендіреді. Әдіс-тәсіл: Бақылау, түсіндіру, ойын, ашық сұрақтар, жұмбақ . Ресурстар: Қағаздар, Кіріспе Аппақ,аппақ,жапалақтап, Қар жауады тынбастан, Қалың орман қар	Дене шынықтыру Негізгі кимыл: «Жаңа жыл,Жаңа жыл» С/Мақсаты:Допты екі қолмен кеуде тұсынан лақтырады.Допты лақтырған соң қолды түзу ұстап сап-тізбекте өз орнын табады. (Пән жетекшісі) Математика негіздері Тақырыбы: «Үшбұрыш. Шаршы. Шеңбер» С/Мақсат: геометриялық пішіндерді таниды және атайды. шеңбер, шаршы, үшбұрыш, пішін түрлерін меңгереді. Ресурстар: Суреттер, үлестірмелі материалдар, карточкалар. Шаттық шеңбері:	Мүсіндеу Тақырыбы: «Мысықтың ыдысы». С/Мақсаты: Мысық туралы айтады .Ермексазды домалақтап,ортасын қуыстауды үйренеді. (Пән жетекшісі) Жаратылыстану Тақырыбы: «Сумен таныстыру» (тәжірибелік іс - әрекет) С/Мақсат: судың қасиеттерінің бірі – судың мұзға және мұздың суға айналуымен танысады (серуенге шыққанда ыдысқа су құйып алып шығу, мұзды жылы жерге кіргізу). Күтілетін нәтиже:Құмның, судың, қардың қасиеттерін біледі. Әдіс-тәсілдер:	Музыка Тақырыбы: "Ақшақарлар билейді" С/Мақсат: әнді ықыласпен тыңдайды, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдап , сипатын ажыратады. Ән тыңдау: «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев. Ән айту: «Аппақ қар» Б.Бейсенова Муз – ырғақты кимыл: «Аққалалар» би Орыс тілі «Новый год» Формировать навыки слушания рассказа, произносить слова на русском языке, обозначающих признаки предметов

		«Қатынас» Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ақша қар» А.Токмағамбетов (жаттау) С/Мақсат: шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттайды; ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдайды. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айта алады. Күтілетін нәтиже: Дауыс қарқынын сақтайды. Әдіс-тәсілі: Көрсету, түсіндіру, ойын, сөйлету, сұрақ-жауап. Мнемокесте Ресурстар : Суреттер сериясы, тақта, Шаттық шеңбері: Үлкен шеңбер	жамылған, Маужырайды түнгі аспан. -Балалар, өлеңде не туралы айтылады? Дене шынықтыру 2.Негізгі қимыл: «Ақшақарлар секілді билейміз» С/Мақсаты: сапта бірінің артынан бірі жүреді, шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап бағытты өзгертіп жүгіре алады.	Шеңбер болып тұрайық, Алақанды ашайық. Күннің нұрын сыйлайық, Жиналған жылу шуақты, Қонақтарға шашайық. Жарайсындар балалар, - қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қазір қыстың қай айы? Суретте неше шырша бейнеленген? -Сонша дөңгелекті төменгі қоршауға жапсырындар. . Сергіну минуты өткізіледі. Біздер санай білеміз, Білмегенге күлеміз. Біру, екеу, үш, төрт деп, Бес, алты... деп жүреміз. Топтағы заттардың қайсысының төрт бұрышы бар?	Бақылау, түсіндіру, баяндау, тәжірибе жасау. Ресурстар: су, стакандағы мұз, ыдыстар. Шаттық шеңбері : Достар бері келіндер, Қолдарыңды беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніндер! Балаларды балапан және балықтар суреті арқылы екі топқа бөлу. Балаларға стакандағы суды көрсету. Су туралы балалардан сұрау. -Балалар, менің қолымдағы не? -Балалар, судың түсі қандай болады? -Түссіз, мөлдір болады екен. -Су адамға не үшін қажет? Суретпен жұмыс. 1) Суды ішеміз, тамақ әзірлеу үшін пайдаланамыз, жуынамыз және аналарымыз үйде киімді жуады, үй тазалайды екен, гүлге су құяды, осылайша айта берсе судың пайдасы өте көп екен.	по величине, составлять простых предложений при описании игрушек, развивать связную речь р/у «Для чего ...» - повторение названий частей тела человека. Слушают и дают правильный ответ. «Изучаем русский язык» : а) беседа о зиме (по иллюстрации) с проговариванием слов и выражений по теме: -Какое время года изображено на картинке? -Что делают дети зимой? -Кто вылепил снеговика? Как нарядили снеговика? Ф/м «Зимой». Мы зимой в снежки играем. По сугробам мы шагаем.
--	--	---	---	---	---	---

	кұрайық Алақанды ұрайық, Күлімдесін күн де Күлімдейік біз де Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық Таза ауаны салайық Жүрек жылуын салайық Сұрақтар қою: - Тақпақты жаттау. <i>Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады қатады, Жып жылтыр боп жатады. Аралайды бақишаны, Үзілмейді жақсы әні. Жауса-жаусын ақша қар, Гүлдене бер бақишалар.</i> Сұрақтар қою. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім жылдам?» Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Бұл қай кезде олады?»	Содан соң ол балалардан шеңбер пішіндегі заттарды тауып бояуды сұрау. - Шаршы нешеу және олардың көлемі қандай? -Неше тіктөртбұрыш бар және олардың көлемі қандай? Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын "Біреу және көп". Ойынның құрал- жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды. (Бағалау, 4К соделі) - Балалар, бүгін тәуліктің қай мезгілін таныдық?.	-Суды үнемдеу керек пе? -Суды үнемдеу дегенді қалай түсінесіңдер? -Дұрыс айтасыңдар, суды бостан-босқа төгіп, қалай болса солай пайдалана беруге болмайды екен. -Жаңбыр жауса үстіміз не болады? Дұрыс айтасыңдар, су болады. Балаларға жаңбыр жауғандағы дыбысты тыңдату. Суретті көрсету, жауын-шашын болғанда қолымызға не ұстаймыз? -Қолшатыр ұстаймыз. Стакандағы суға түтікше салып үрлей отырып судың қозғалысқа түсетіндігін көрсету. Балалардың алдарында тұрған ыдыстағы суды үрлеп көрсету. Не болды? Міне қараңыздар, біз түтікшемен үрлеген кезде ауа сыртқа шығады. Сол кезде суда көпіршік пайда болып су қозғалады. Демек, жел соққанда судың беті қозғалысқа түседі екен.	И на лыжах мы бежим. На коньках по льду летим, Мы летим , мы летим. И снегурку лепим мы. Гостю – зиму любим мы .
--	---	--	--	---

		(Сыни ойлау, бала үні) <i>Сергіту сәтін орындау.</i>		- Тәулік мезгілдерін тануда не істедік? Оқу қызметіміз аяқталды, сау болыңдар.		
Серуенге дайындық		Өз бетімен киінуін , киімдерінің түймесін салуын қадағалау үйрету.				
Серуен		Мақсаты:Қызығушылықтары бойынша ойындар ұйымдастыру, қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету, достыққа тәрбиелеу.				
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Ойындар, дербес әрекет		«Менің отбасым» Мақсаты: Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу.	«Құрылысшы» Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету.	Көп-аз ұғымдарын атау.	Ойын «Кімнің заттары?» (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозанка және т.б.	Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру.
Балалардың үйге қайтуы		Өлең жолдары оқу, Сағат тілі тосылмай, Жүреді тек осылай Сырт-сырт ,сырт – сырт Сағат қазір , шамасы Қанша болды қарашы.	Ата-аналармен пікірлесіп, кеңес беріп, балаларға жеке тапсырма беру.	Қимылды ойындары. «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» Тәрбиеші суреттері көрсетеді (көбелек, көлік, тарақ, кітап т.б) Балалар суретке байланысты 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.	Құрылымдалған ойын: «Бұл киімдерді қай мезгілде киенді?» Ойын шарты; тақтаға төрт хат қалта ілінеді көк қыс мезгілі, жасыл көктем мезгілі, қызыл жаз мезгілі, сары күз мезгілі екенін айтып түсіндіреді. Әр	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала»

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары:

 С.Мырзағалиева.

Қаңтар айының III аптасының 17-21 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: « Қызықты қыс мезгілі »

Апталық тақырыбы: « Аңдардың қысқы тіршілігі »

Мақсаты: қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.01.2022	Сейсенбі 18.01.2022	Сәрсенбі 19.01.2022	Бейсенбі 20.01.2022	Жұма 21.01.2022
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Өрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Пед жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қатесін тап» Тактаға ілінген суретпен жұмыс. Смарт мақсаты: Ойлау қабілеті артады. 4К Модель. Сыни ойлау, бала үні)	Педагог жетекшілігімен ойын: «Қарап алда есіне сақта»	Еркін ойын 4 К Модель Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату	«Тазалыққа не қажет?» №2 Мақсаты: тазалық құралдарымен ,оларды неге қажет екендігін әңгімелейді.	Құрылымдалған ойын: «Бұл қандай киім?» №20 Мақсаты: Өр киімнің қай уақытта киілетінін айыра отырып оларды сипаттайды. 4 К Модель
Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)					
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Модель.)				

Ұйымдастырыл- ған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Негізгі қимыл: «Далада таяқсыз шаңғымен сырғанау (пластикалық құтыдан жасалған).» С/Мақсаты: Бір орында тұрып өкшемен бұрылады. Сырғанап алымдайды. Жаратылыстану Тақырыбы: "Жабайы жануарлард ың қысқы тіршілігі" С/Мақсаты: жабайы жануарлардың сыртқы т үрі және тіршілік етуі туралы түсінеді. жабайы жануарлардың қысқы тір шілігімен танысады. Әдіс-тәсілі: ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу, ойын, бағалау, жұмбақ, АКТ мен жұмыс, тәжірибе жүргізу. Ресурстар: суреттер, шына й қар, мұз кесектері, ыдыстар, су. Күтілетін нәтиже: қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады	Музыка Тақырыбы: « Аю мен түлкі» С/Мақсаты: жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдайды. әннің сипатына қарай жабайы аңдардың бірбірінен ерекшелігін ажыратады. Ән тыңдау: «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев. Ән айту: Аю, Түлкі» А.Асылбек. Б.Дәлденбай. Муз – ырғақты қимыл: «Аңдар» биі Дене шынықтыру Негізгі қимыл : «Аю ұйықтағанды жақсы көреді» С/Мақсаты: допты алысқа лақтырады , бөрененің үстімен тез адымдап жүре алады.	Дене шынықтыру : Негізгі қимыл: «Бос орын» С/Мақсаты: Өз еріктерімен қимыл жасайды. , белгі берген кезде тоқтайды. Қимыл-қозғалыстар жасайды. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: "Қонжық неге ақырады?" ертегісін әңгімелеу. С/Мақсаты: " ертегімен танысады, ертегі желісінде кездесетін а юдың, қонжықтың қыстағы тіршілі гі, жөніндегі әңгімелейді. Әдіс-тәсілі: сұрақтар қою, бақылау, сурет бойынша әңгімелеу, сергіту сәті, сөздік жаттығу, мақтау, бағалау, ойын, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: суреттер, слайд, қиылған ойыншық суреттері, шырша ойыншықтары. Жапсырмалы суреттер, атрибуттар, мазмұнды суреттер. Сөздік жұмыс: Жаңа жыл – новый год, мереке – праздник,	Сурет салу Тақырыбы: «Аққала» С/Мақсаты: «Аққала» (заттық с/с) Мақсаты: Қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсінеді. Үзік сызықтарды қосу арқылы аққала суретін бейнеледі. Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көңілді қыс» С/Мақсаты: Тақпақты мәнерлі, мағыналы эмоционалды түрде жатқа айтады.	Математика негіздері Тақырыбы: Биік – аласа. Оң жақ – сол жақ. С/Мақсаты: заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратады. (сол жақ – оң жақ). таныс заттарды биіктігі бойынша салыстырады. Музыка Тақырыбы: « Аю мен түлкі» С/Мақсаты: жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдайды. әннің сипатына қарай жабайы аңдардың бірбірінен ерекшелігін ажыратады. Ән тыңдау: «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев. Ән айту: Аю, Түлкі» А.Асылбек. Б.Дәлденбай. Муз – ырғақты қимыл: «Аңдар» биі
---	--	--	--	---	--

	Шаттық шеңбері: Күнім күліп арайлы, Тереземнен қарайды. Достарыммен шеңберге, Тұрганымды қалайды. Ашық сұрақтар: - Сөздік жұмыс:кар-снег. Жұмбақ:Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға кашады. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: "Ұйқыдағы аю" Мақсаты: жабайы жануар аюдың тіршілігі туралы білімдерін қалыптасады; кыс мезгілінде табиғатты бақылайды. Әдіс-тәсілі:ашық сұрақтар қою, бақылау, топқа бөлу,ойын, бағалау,		Аяз ата –Дед мороз Күтілетін нәтиже:Дауысты және дауыссыз дыбыстарды анық айтады. Шаттық шеңбері: Көтеріліп шаңырақ Уықтары шаншылар Керегелер керіліп, Өрімдей боп өрілер Бәріміз жүрсек айналып, Киіз болып.(Бала үні, коммуникативтілік)		
--	--	--	--	--	--

	жұмбақ, АКТ мен жұмыс. Ресурстар: суреттер, табиғатқа байланысты суреттер, қоян, көжек, жабайы аңдар қалпақ, атрибуттар. Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты, Қайырлы күн, қайырлы күн достарым! -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінде ауа- (бақылау, бағалау, 4К моделі, бала үні) Қорытынды Бағалау				
Серуенге дайындық	Қыстық киімдерін мұқият кигізу, қолғаптарын түгендеп кигізу.				
Серуен	Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) (Бала үні, бақылау, деректерді тіркеу)				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.				

Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Қоян» (4К моделі)	Педагог жетекшілігімен ойын: Лото «Ертегілер» Вариативтік.Тақырыбы:Б акша ағаштарыМақсаты:Ертегі тыңдап,оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйренеді	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	«Суретті біл» №13 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіру,елестету қабілетін дамыту. Ойын мазмұны: Бір баланың көзін байлап,алға шығарып,отырған балаларға көкіністі көрсетеді.Отырған балалар сөзбен сипаттама береді.Мысалы: пішіні дөңгелек дәмі ашы.	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс:Айзереге Сөйлеуді дамытудан «Менің көшем» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеуге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Ерболатқа қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс:Рамазанға Көркем әдебиеттен ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беруді үйрету	Нариман мен Әмина Еркін тақырыпта сурет салуға үйрету	Іңкәр мен Асылан Өздерінің сөрелеріндегі киімдерін бүктеп жинауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: . «Түрлі-түсті жлоақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

Бекітемін:

Бастауыш сыныптар жөніндегі
оқу ісінің орынбасары:

 С.Мырзағалиева.

Ақпан айының І аптасының 31 - 4 аралығындағы шағын ортаңғы тобының күн тәртібіндегі тәрбие қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Техника және біз»

Апталық тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз»

Мақсаты: балаларды техника әлемімен, оның ерекшеліктерімен және көпқырлылығымен таныстыру, заманауи техника қоршаған ортаны өңдеуге және өзгертуге ықпал етеді, зерделейді, өлшейді, адамның күрделі ойлайтын жұмысын жеңілдетеді, білімге құштарлығын, механизмдер құрылысы, оның қозғалу қағидалары, құруға және нақты техникалық мамандықтарға қызығу туралы түсініктерін дамытады.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 31.02.2022	Сейсенбі 1.02.2022	Сәрсенбі 2.02.2022	Бейсенбі 3.02.2022	Жұма 4.02.2022
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.		Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың дене температурасын өлшеп, көңіл-күйлерін сұрау. Өрбір ата-анаға денсаулық сауалнамасын толтырту жұмыстарын жүргізу. (Коммуникативтілік)				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б.)		<i>Пед жетекшілігімен жүргізілетін ойын:</i> «Қатесін тап» Тақтаға ілінген суретпен жұмыс. <i>Смарт мақсаты:</i> Ойлау қабілеті артады. <i>4К Модель.</i> <i>Сыни ойлау, бала үні)</i>	Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, дәлдікке үйренеді. 4К Модельі.	Еркін ойын <i>4 К Модельі</i> Өз қалаған ойыншықтарымен ойнату	«Тазалыққа не қажет?» №2 <i>Мақсаты:</i> тазалық құралдарымен, оларды неге қажет екендігін әңгімелейді.	<i>Құрылымдалған ойын: «Бұл қандай киім?» №20</i> <i>Мақсаты:</i> Әр киімнің қай уақытта киілетінін айыра отырып оларды сипаттайды. <i>4 К Модельі</i>

		Жаттығулар кешені. (Жан-жақты дамытушы жаттығуы)				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық		педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Қай қолымда көп» (4К Modeli.)				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері		Дене шынықтыру 1. Негізгі қимыл: «Еденде жанымен тұрған сатылардың көлденең салмаларының арасынан еңбектеу. С/Мақсаты: Еденде жанымен тұрған сатылардың көлденең салмаларының арасынан еңбектейді. Жаратылыстану Тақырыбы: Мен ғарышкер боламын» С/Мақсаты: Ғарышкер туралы түсінігі қалыптасады, сөздік қоры дамиды. Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойындар, тапсырмалар, көрнекіліктер, дидактикалық материалдар Ресурстар: суреттер,	Музыка Тақырыбы: «Еңбек - байлық» С/Мақсаты: еңбек туралы жаңа ән тыңдағанда оның сипаты мен ерекшелігіне мән беріп тыңдайды. Ән тыңдау: «Диканшы» (әндер жинағы) Ән айту: «Қошақаным қайда екен» Ә.Бейсеуов Музыкалық ырғақтық қимыл: «Кішкентай би» (Н.Александрова) Дене шынықтыру 3. Негізгі қимыл: «Құстар ауласында»	Дене шынықтыру 2. Негізгі қимыл: «Аққала соғамыз» Мақсаты: Бір орында тұрып қос аяқпен өзін айнала секіред. денені түзу ұстап, тепе-теңдікті сақтайды. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы» С/Мақсаты: Еңбектің түрлері туралы айтады. «Еңбек ер атандырады» мақалының мәнін ұғады. ресурстар: слайд, мамандар киім үлгілері. Әдіс - тәсіл: Слайд көрсету, түсіндіру, сұрақ - жауап, ойын. Жылулық шеңбері: «Тілек шоғы» деп аталады. (әр қайсысында бір тал гүл) бір - біріне жақсы	Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың мойын орағышы». (заттық с/с) С/Мақсаты: Мойын орағыш туралы түсінікке ие. Сурет салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояйды. Тәрбиелігі: жұмыс кезінде ұқыпты бояуға және әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Қажетті құрал жабдықтар: түрлі түсті гуаш, су, губка сүлгі Сөздік жұмыс: аяз. Жылулық шеңбері : Арайлап бүгін атты күн, Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ таңның қуанышын, шаттығын. Қайырлы таң! Қайырлы таң! Қуанышты күн бүгін. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Жұмбақ Аяғы бар жүрмейді, Аузы бар күлмейді. Айнымайды	Математика негіздері Тақырыбы: Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру» С/Мақсаты: әртүрлі заттарды ұзындығы бойынша қатар қойып салыстырады, салыстыру нәтижесін ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолданады. логикалық ойлауы дамиды. Әдіс - тәсілі: Қуанышты сәт, әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, сергіту сәті, жұмбақ шешу, Ресурстар Әр түрлі екі белбеу, ұзындықтары әр түрлі жолақтар, өлшеуге қажетті заттар (

		Слайд Күтілетін нәтиже Балалармен қарым – қатынастары орнайды; - Ойын іс – әрекеттері қалыптасады; - Шығармашылық қабілеттері артады; - Түстерді дұрыс қолдануға үйренеді; - Топпен жұмыс істеуге машықтанады; Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойындар, тапсырмалар, көрнекіліктер, дидактикалық материалдар Шаттық шеңбер: Армысың асыл күн! Армысың асыл жер! Армысың көк аспан! Армысың достарым! Жылуына жылу қос! Міне менің қолым! (Балалар шеңберге жиналып, қызығушылықпен айтады) (Бала үні коммуникативтілік) Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы:	Мақсаты: Көлбеу саты үстімен өрмелеуді еденге салынған жіп үстімен тепе-теңдік сақтап, денені дұрыс ұстап, жеңіл жүреді .	тілектер айтады. - Әр күнің қуанышқа толы болсын, - Саған денсаулық тілеймін. - Аспанымыз ашық болсын - Ата - анаң аман болсын - Деніміз сау болсын. - Балалар қараңдаршы сендердің гүл шоқтарын үлкен тілек шоқтарына айналды. - Мінеки өзгеге денсаулық тілеп, жақсылық жасасаң өзіңе қайтып оралады. - Балалар осы жақсы көңіл күймен оқу қызметімізді бастаймыз. Мамандықтың түрлері көп: Дәрігер, мұғалім, ұшқыш, тәрбиеші, құрылысшы, шаштараз,, жүргізуші, аспаз, әнші, биші, т. б көптеген мамандықтар бар. Мамандықтың жаманы жоқ, тек оны дұрыс тандай білу керек. Қалаған мамандықтың иесі болу үшін еңбексүйгіштік пен білімділік қажет, үлкен өнер мен зор шеберлікті қажет етеді. Слайд көрсету, әңгімелеу, балалардан сұрау түсінік беру. Шаштараз - бұл	бөпемнен Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ) Тосын сәт: Тәрбиеші : - Балалар, біздің тобымызға Әйгерім деген қуыршақ қонаққа келіпті. - Кәне, қонағымызбен амандасып, оның бізге қандай өтініші бар екенін тыңдайық. - Сендермен бірге ойнап, серуенге мен де барсам, - дейді. - Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Ауа райы қандай? Қыста далада аяз болады. - Адамдар қыста қалай киінеді? - Ал Әйгерім қалай киініп алыпты? - Әйгерім нені киюді ұмытыпты? - Қысты күні далаға мойынорағышсыз шығуға бола ма? - Әйгерім бізбен бірге серуенге шыға ала ма? - Дұрыс айтасындар, себебі оның мойынорағышы жоқ екен. - Балалар, біз Әйгерімге мойынорағыш жасап берейік, сонда ғана ол таза ауаға бізбен бірге шыға алады. Тәрбиеші балаларға өзі дайындаған үлгіні көрсетеді. балалар мойынорағышқа әдемігүлдің	сіріңке, түйреуіш) Күтілетін нәтиже: ұғымдарды (биік-аласа, ұзын қысқа) дұрыс қолдана біледі. Шаттық шеңбер: Қол алысып, кәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу! – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш! Топпен жұмыс. Оқушылар суретке қарап ненің ұзын екенін анықтау ұсынылады. Мойыншақпа әлде таяуша ма. Тапсырманы
--	--	--	---	--	--	--

		«Үлкендер еңбегі»С/мақсат: Үлкендердің еңбегі туралы түсінігі кеңейеді .		мамандық иесі адамдардың шашын қиып сәнін келтіреді. Дәрігер - ақ қалатты абзал жан, адам баласының арашасы емдейді шипасын тигізеді. Мұғалім - әріп үйретіп, білім нәрімен сусындататын абзал адам. Аспазшы - дәмді тағам пісіретін(маман иесі). Жүргізуші - баратын жеріңе тез жеткізіп салатын, адамға қамқор болатын жан. Құрылысшы - зәулім ғимараттар, қабат - қабат үйлер салатын маман иесі. Міне мамандық иесінің өзіндік ерекшелігі, әр маманның өзіне тиесілі жұмыстарымен шеберліктерімен ерекшеленеді. Слайдтан мамандық иелерін көрсету арқылы балалардан сұрақ - жауап. Ойлау қабілетін дамытуға байланысты ойын: «Мамандық құралын тап» Балалар суреттегі мамандық иесіне тиесілі құралын қарындашпен	суретін салады. Құрылымдалған ойын. «Мойынорағышқа бас киім таңдау»Көркем әдебиет Тақырыбы: Күнді іздеген достар» С/Мақсаты: Ертегі туралы түсінеді. Ертегілердегі кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын келтіре алады.	орындау барысында оқушылар екі заттың ұштары бір-бірімен дәл келетініне назар аудару қажет. Сыныпта ең ұзын және ең қысқа заттар ата.Музыка Тақырыбы: «"Еңбек - байлық" С/Мақаты: еңбек туралы жаңа әнді тыңдағанда оның сипаты мен ерекшелігіне мән беріп тыңдайды. ; Ән тыңдау: «Диканшы» (әндер жинағы) Ән айту: «Қошақаным қайда екен» Ә.Бейсеуов Музыкалық ырғақтық қимыл
--	--	--	--	--	---	--

				сызу арқылы табады. Педагог жетекшілігімен ойын: «Дәрігер» Ойын барысында балалар бір - бірімен қарым - қатынасты нығайту барысында сыпайылықты, инабаттылықты, адамгершілік сезімдері оянады.(4К Моделі,коммуникативтілік)		
Серуенге дайындық		Қыстық киімдерін мұқият кигізу, қолғаптарын түгендеп кигізу.				
Серуен		Серуенде нені бақыладық, балалардың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын ояту. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) (Бала үні, бақылау, деректерді тіркеу)				
Серуеннен оралу		Балалардың реттілікпен киімдерін шешу. Жеке бас гигиенасының ережелерін біледі және сақтайды.				
Вариативтік компоненттер, ойындар, дербес әрекет		Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: 1) «Ұйқыдағы аю» 2) «Қоян» (4К моделі)	Педагог жетекшілігімен ойын: Лото «Ертегілер» Вариативтік.Тақырыбы: Бақша ағаштары Мақсаты: Ер тегі тыңдап,оқиганың өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйренеді	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сұр қоян жуынады»	«Суретті біл» №13 Мақсаты: Балалардың тіл байлығын жетілдіру,елестету қабілетін дамыту. Ойын мазмұны: Бір баланың көзін байлап,алға шығарып,отырған	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.

					балаларға көкіністі көрсетеді. Отырған балалар сөзбен сипатама береді. Мысалы: пішіні дөңгелек дәмі ащы.	
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс		Жеке баламен жұмыс: Айзереге Сөйлеуді дамытудан «Менің көшем» әңгімесін сурет бойынша әңгімелеуге үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Ерболатқа қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Рамазанға Көркем әдебиеттен ертегі кейіпкерлеріне сипаттама беруді үйрету	Нариман мен Әмина Еркін тақырыпта сурет салуға үйрету	Іңкәр мен Асылан Өздерінің сөрелеріндегі киімдерін бүктеп жинауға үйрету
Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі жеткен жетістігі туралы әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Баланың бүгінгі жетістігі туралы ата-анасымен әңгімелесу. Тұтас бала бейнесі	Ойын жаттығулары: «Қимылды қайтала» «шар жарылды» Тұтас бала бейнесі	Құрылымдалған ойын: . «Түрлі-түсті жсолақтар»	«Жоғарыда-төменде» №16 Мақсаты: «Жоғарыда-төменде, биік-аласа» ұғымдарын түсінуге, байқағыштықты, зейінді, қиялды дамытады.